Аудандық сарапшылар алқасының шешімі

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

______________________________________________________________

Әдістемелік кабинет меңгерушісі ____________ Б.Онгаров

Әдістемелік кабинет әдіскері ____________ Л.Сарбала

**Түсінік хат**

Жас жеткіншектерге сапалы білім мен саналы тәрбие беруде экологиялық-өлкетану сабақтары маңызды роль атқарады. Елбасының халыққа дәстүрлі жолдауында 2050 жылға дейінгі жарқын болашаққа жету жолдары көрсетілген. Елбасы Н.Ә.Назарбаев қазақ халқының мыңдаған жылдар тарихи тәжірибесінен, Тәуелсіздік жылдары жүріп өткен казакстандық жолдан туындаған **«Мәңгілік ел»** ұлттық идеясын жария етті. Ендігі жерде барша халық бір мүдде -Тәуелсіздігімізді нығайтып, еліміздің өркендеуіне атсалысумыз керек. **«Мәңгілік ел»** жеті қағидасы ел дамуының аркаулық құндылықтарын, Қазақстан халқының ортақ мүддесі мен тарихи тағдырын айшықтайды. Осы жолда қазақстандық педагогтердің қосар үлестері орасан болмақ. Жеке тұлғаның адами қасиетін ашып, рухани жан дүниесін дамыту- заман талабы. Қазақстан Республикасы Білімтуралы заңында «Білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамуының жоғары және кәсіби біліктілігін камтамасыз етуге бағытталған тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі» - деп жазған. Оқушыға жан – жақты білім беруде өз өлкесінің, жергілікті жердің географиялық жағдайы мен шаруашылығы, баска да мәселелерін меңгерту оқушының адамгершілік, рухани мүмкіндіктерін дамытуға көмегін тигізеді.Тәуелсіз елдің тұғырында өмір сүру үшін ең алдымен өз өлкесінің табиғатын, тарихын, шаруашылығының өзіндік ерекшеліктерін білуіміз керек. Балалар экологиясы мен туризмі - болашаққа мамандар даярлау, олардың өз өлкесін сүйетін дұрыс қалыптасқан жеке тұлға болуына үлес қосатын тәрбие құралы болып табылады.

**«Жас эколог-өлкетанушы» таңдау пәнінің мақсаты:**

Мектеп оқушыларының өзіндік дамуын, ойлау қабілетін калыптастырып, шығармашылық және интеллектуалдық мүмкіншілігі арқылы өзін-өзі тәрбиелеу қасиетін ашу. Азаматтық пен ұлтжандылыққа тәрбиелеу, туған өлкенің табиғатын аялауға, мәдени,рухани мұраларды танып білуге, сақтауға тару, туған жеріміздегі танымал тұлғаларды дәріптеп, оларды үлгі тұту. Бос уақыттарын тиімді пайдаланып, салауатты өмір салтын ұстауды көздейді.

**«Жас эколог-өлкетанушы» таңдау пәнінің міндеті:**

- Әлеуметтік-педагогикалық жеке тұлға қалыптастыру.
- Қоршаған ортаны қорғауға деген жоғарғы адамгершілік сезімі мен жауапкеошілікке тәрбиелеу.
- «Кіші Отанына» деген сүйіспеншілік сезімін арттыру, өзінің туған өлкесі тарихына деген мақтаныш түйсігін, париотизмді көтеру, мамандық таңдауға баулу(эколог,өлкетанушы т.б)
- Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру мәселерінің теориялық жағын негіздеу.

**Нәтижесі мен қорытындысы:**

«Жас эколог-өлкетанушы» таңдау пәнін оқытуда оқушыларды географияның іргелі ұғымдары мен аумағы бойынша өз білімдерін тереңдетеді және жүйелейді.

**Бағдарлама оқу үдерісінде мынадай нәтижелер күтіледі:**

-Экологиялық білімін табиғатқа қамқорлық жасауға дағдыландыру жолдарын көрсетеді;

-Туған өлкеміздің табиғатын, тарихын толық сезініп, танып барып өз бетінше оқудың, зерттеудің қажеттілігін білуі, зерттеуді өз бетінше жалғатыруы, танымдық белсенділігінің жоғарғы деңгейге көтерілуі;

-Патриоттық азаматтық және интернациональдық біліктілігінің толеранттық мәдени қарым-қатынасқа көтерілуі;

**Оқушылардың білім, білік дағдыларына қойылатын талаптар:**

- Адам мен табиғаттың өзара байланыстарының салдарын;

- Экологиялық апаттардың жалпы сипатын,зардаптарын;

- Қазіргі кезеңдегі зерттеу бағыттарын қалыптасу кезеңдері мен құрылымын;

-Қазіргі кездегі экологиялық мәселелерді шешу жолдарын біліп шығу қажет;

**Ақтан жырау негізгі мектебі**

**2021-2022 оқу жылығдағы 7-8 сынып оқушыларының «Жас – эколог өлкетанушы» элективті курсының жылдық тақырыптық жоспары**

| р/с | Сабақтың тақырыбы | Барлығы | күні |
|---|---|---|---|
| 1 | Кіріспе.Экология және өлкетану тарихы туралы түсінік | 1 | 03.09.21 |
| 2 | Ақтөбе облысының экологиялық жағдайы. Қалдайбек экологиялық апат аймағы | 1 | 10 |
| 3 | Ақтөбе облысының әкімшілік территориялық бөлінісі және халқы,тарихы. Экологиялық топтағы қызметтік міндеттері | 1 | 17 |
| 4 | Туған өлкеміздегі тарихи –мәдени ескерткіштер халық қазынасы.Өлкетану тобындағы қызметтік міндеттер | 2 | 24,01.10 |
| 5 | Мұражай халықтардың материалдық және рухани мәдениеті.(Мұржайға саяхат) | 1 | 8 |
| 6 | Өлкеміздегі жер су аттары. | 1 | 15 |
| 7 | Байғанин өңірінде мәдениеттің дамуы | 1 | 22 |
| 8 | Ақтөбе өлкесіндегі музыка өнері.Өнер қайраткерлері,олардың еңбектері,кездесу кештері | 1 | 29 |
| 9 | Ақтөбе өңірінде әдебиеттің дамуы.Танымал әдебиет саңылақтары | 1 | 12.11 |
| 10 | Өлкеміздің зиялы қауым өкілдері,табиғат қорғаушылары.Биология, География,экология ғылымдарының саңылақтары | 1 | 19 |
| 11 | Ақтөбе өңірінің бейнелеу, сән өнері.Спорт саңылақтары | 1 | 26 |
| 12 | Аудандар тарихы, орналасуы, халқы өзіне тән экологиясы | 1 | 03.12 |
| 13 | Әр ауданның халық батырлары, өнер қайраткерлері | 1 | 10 |
| 14 | Туған өлке табиғатын зерттеу. (Ауа,су, топырақ ) | 2 | 17,24 |
| 15 | Топографиялық зерттеу, жергілікті жерді бағдарлау.Кескін карта мен жұмыс дағдысы | 2 | 14,21.01 |
| 16 | Адамның табиғи ортаға әсері | 1 | 28 |
| 17 | Адам іс-әрекетінің өсімдіктер дүниесіне әсері | 1 | 04.02 |
| 18 | Ауылшаруашылығына пайдаланылатын жердің экологиялық жағдайы | 1 | 11 |
| 19 | Ауылшаруашылығы жерінің техногендік ластну көзері | 1 | 18 |
| 20 | Қазақстанның орман алқаптары,олардың дұрыс пайдалану және орманды қорғау | 1 | 25 |
| 21 | Агроэкология және қоршаған орта | 1 | 04.03 |
| 22 | Судың ластнуының өсімдіктерге әсері | 1 | 11 |
| 23 | Топырақтың ластануының өсімдіктерге әсері | 1 | 18 |
| 24 | Қоршаған ортаның биологиялық заттардан ластануы | 1 | 01.04 |
| 25 | Биоценоз және оның компоенттері | 1 | 8 |
| 26 | Қазақстанның « Қызыл кітабы» | 1 | 15 |
| 27 | Қазақстанның қорықтары мен олардың маңызы | 1 | 22 |
| 28 | Ұлттық саябақтар мен қорықшалар | 1 | 29 |
| 29 | Қорықтар ұйымдастыру ісінің болашағы | 1 | 06.05 |
| 30 | Экология-өлкетанулық жорықтар.Іздестіру-зерттеу жұмыстары,білім білік дағдыларын қалыптастыру | 1 | 13 |
| 31 | Жоба қорғау.Қорытынды | 1 | 20 |
|  | **Барлығы** | 34 |  |

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1 «Қазақ сахарасына саяхат» Б.Залесский Өнер баспасы 1991ж

2. «Ақтөбе энциклопедиясы»Ақтөбе 2011ж

3.Географиялық әдістемелік құрал Астана 2013ж

4. «Тарихи өлкетану» Ахметова Л. Алма-Ата 1981ж

5. «Байғанин энциклопедиясы» Ақтөбе 2008ж

6. «Қазақ ССР энциклопедиясы» Алматы 1986ж

7.Табиғат және география журналы 2005 ж №5

8. «Географиядан 100 сұрақ» Ү. Есназарова. А. Темірбеков. Алматы1986ж

9 «Өлкетану» оқулығы М.Қыдырбайқызы Ақтөбе2018

10 «Оқушыларға экологиялық тәрбие беру» Г. Орынбаева ( Рауан- Алматы) 2000ж

11. «Қызықты экология» Ж.Шілдебаев Алматы 2011

12. «Қазақстанның физикалық географиясы» Ү Есназарова Алматы2012, 8 сынып

Бекітемін:
Мектеп директоры
____________А.Абишова
«30» 08 2021ж

Келісемін:
Байғанин аудандық білім бөлімінің басшысы:
____________Р.А.Хайырмуканбетов

Тақырыбы:

**«Жас эколог-өлкетанушы»**

(Элективті курс)

7-8 класс

Орындады:____________Жұбанғарина.Э.А
(география пәнінің мұғалімі)

Ә/Б отырысында қаралды____ Жұбанғарина.Э.А
Ә/Б жетекшісі

Хаттама №_1_«_29_»_08_______2021ж

Тексерілді:______________Мурынбаева.Н.С
(Оқу-ісінің меңгерушісі)

2021-2022 оқу жылы